

«НҰР ОТАН» – ЕЛМЕН ЕТЕНЕ, ӘЛЕУМЕТПЕН ӘРІПТЕС


1-2, 4-5 беттер



М Е Р К І Т Ы Н Ы С Ы

М Е Р К Е Н С К И Й В Е С Т Н И К

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№141-142
/10523-10524/
жұма,
11 қараша
2016 жыл

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ МЕРКІ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ САЯСИ КЕҢЕСІНІҢ 2014 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАШАСЫ МЕН 2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАШАСЫ АРАЛЫҒЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ПАРТИЯ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, АУДАН ӘКІМІ МЕЙІРХАН АЗАТҰЛЫ ӨМІРБЕКОВТЫҢ

ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ

Құрметті делегаттар!

Қадірменді партияластар!

Баршаңызды бүгінгі өткізгелі отырған «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының кезекті XIX есеп беру-сайлау конференциясымен шын жүректен құттықтаймын!

Партия жұмысының басты бағытының бірі – өткен іске есеп беру.

Бүгін біз екі жылда атқарған жұмысымызды, алдағы атқарар істердің тиімділігі мен Елбасы, партиямыздың Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың алға қойған мақсат-міндеттерін және партияның сайлауалды бағдарламасының орындалу барысын талқылауға жиналып отырмыз.

Ширек ғасыр тарихы бар Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстанда қалыптасқан партиялық жүйенің негізін «Қазақстан – 2050» Стратегиясының ауқымды мақсаттарына жетуге ұлтты біріктіре алатын, мықты басқарушы партия құрайды.

Демек, «Нұр Отан» партиясы бүгінгі күні – бұл жауапты саяси күш, және ол біздің Көшбасшымызға қолдау жасап, Елбасының саяси бағытының сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Осыған орай, партия жұмысын жүргізу жүйесі толықтай жаңартылды. «Нұр Отан» басқарушы халықтық партия ретінде, іс жүзінде ашықтық, тиімділік, жауапкершілік және есеп берушілік қағидаларын іске асыра отырып, нақты әлеуметтік топтармен нақты жұмыстарды айтарлықтай күшейтті. Бұл ретте басты екі нақты сайлаушыға, оның мүдделері мен мәселелеріне берілді.

2014 жылы өткізілген «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының кезекті есеп-беру сайлау конференциясынан бері біраз уақыт өтті. Өткенге көз жүгіртер болсақ, өткен конференциядан бүгінгі күнге дейін партия аудандық филиалының Саяси кеңесі елеулі жұмыстар жүргізгенін анық байқауымызға болады.

Ішкіпартиялық және қаржылық тәртіпті күшейту, партия Жарғысын оның талаптарын орындау мақсатында Саяси кеңесі мен Бюро отырыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп келеді. Есепті мерзімде Партия аудандық филиалының кезектен тыс 7 конференциясы, 3 Саяси кеңесінің отырысы, 18 Саяси кеңесі Бюросының отырысы өткізілді.

Бұл отырыстарда Партия аудандық филиалы мен оның бастауыш партия ұйымдарының, сондай-ақ, Саяси кеңесі мен Бюросының мақсат-міндеттері айқындалып, ішкі партиялық тәртіптің сақталуы және мүшелік жарнаны төлеу туралы БПҰ-ның төрағаларының



есебін тыңдау, аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция құрамын құру, партия аудандық филиалының жұмыс жоспарларын бекіту, Сайлауалды бағдарламасын іске асыру көрсеткіштерінің тізбесін бекіту сияқты мәселелер қаралып, тиісті қаулылар қабылданды.

Бүгінде ауданымызда 34 бастауыш партия ұйымы жұмыс жасайды. Мұндағы партия мүшелерінің саны 2014 жылы 5402 адамды құраса, есепті мерзімде 414 адам партия қатарына қабылданып, бүгінгі таңда 5816 адамды құрап отыр. Есепте тұрған 5816 партия мүшесінің 701-і мүшелік жарна төлеуден босатылған. Ал, 5115 партия мүшесі Жамбыл облыстық филиалының есеп шотына мүшелік жарнаны ай сайын бекітілген жоспарға сай, уақтылы банктік есепшот арқылы аударып отыр. 2014 жылдың қарашасы мен 2016 жылдың қарашасы аралығында барлық мүшелік жарна көлемі 27 545 109 теңгені құрап, жоспар 100 пайызға орындалды.

2016 жыл еліміз үшін ерекше үлкен мерейтой – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы.

Сонау алыста қалған 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданған болатын. Бұл қоғамның, адам құқықтары мен бостандықтарының, меншіктің, және билік бөлінуінің негізгі қағидаларын бейнелейтін құқықтық, саяси және идеологиялық құжат. Осы іргелі ережелер Конституцияның негізін қалады. Еліміздің азаматтары үшін осы бір ерекше күн ел тарихының ескі сатысының аяқталып, Республикамыздың дамуының жаңа кезеңінің басталуының белгісі болып табылды. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылы ішінде елімізді дүниежүзі танып,

Елбасымыздың ерен еңбегінің, сындарлы саясатының арқасында саяси-экономикалық, әлеуметтік табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік алдық.

Жиырма бес жылдық мерзім ішінде елімізде кең көлемді мемлекеттік түбегейлі өзгерістер орын алды. 2 палаталы Парламент құрылды, сот жүйесінің негізі қаланды, жаңа Елорда салынды. 120-дан аса ел Қазақстанды ресми түрде танып, тату дипломатиялық қарым-қатынас құрды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр.

Елімізде өңірлер де жыл санап дамып келеді. Қазір өңірімізде ірі индустриялық жобалар іске асырылып, жаңадан жұмыс орындары ашылып жатыр. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт салаларында жаңа нысандар бой көтеруде. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автоделізі ежелгі Ұлы Жібек жолының жаңғыртылуы екені баршаға аян. Жамбыл облысына тиесілі жол учаскесі 2015 жылы аяқталды. 2015 жылы Керей мен Жәнібек хандардың ізі қалған, көне қала Таразда, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты шара өткізілді. 90-шы жылдары халық саны күрт азайған Жамбыл облысында қазір 1 млн. 114 мың адам тұрады.

Ауданда жыл басынан өнеркәсіп өнімін өндіруде оң динамика байқалуда, оның көлемі 2016 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 2015 жылдың қаңтар-қыркүйегімен салыстырғанда 47,9 %-ға өсті және 29 млрд. 893,1 млн. теңгені құрады. Негізгі өсу себебі Меркі қант зауытының өнімін ұлғайтуына байланысты.

2016 жылы индустриялық-

инновациялық даму бағдарламасы аясында «Орталық Азия қант бірлестігі» ЖШС-нің Меркі филиалы жалпы құны 664,0 млн. теңгеге шырын тазалайтын цехын қайта жаңғыртып іске қосты, жаңа 18 жұмыс орны ашылды.

Ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2016 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 12,9 млрд. теңгені құрады немесе 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда – 105,0 %.

2016 жылы 34,0 мың гектар ақ егіс орылып, 85590 тонна өнім жиналды. Жиналған өнім әр гектарға шаққанда орта есеппен 25,2 центнерден айналды. Былтырғы жылмен салыстырғанда жалпы жиналған өнім 34247 тоннаға ұлғайып отыр.

2017 жылдың өніміне 11980 га алқапқа күздік бидай себілді, бұл жоспардың 94,3%-ын құрайды.

Мал шаруашылығында 2016 жылдың 1 қазанына өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда МҚ малдың саны 6,3%-ға (38,3 мың бас), жылқы – 2,1%-ға (11,8 мың бас), түйе – 3,7 %-ға (113 бас) өскен. Қой мен ешкі саны- 0,2 %-ға (238,5 мың бас), шошқа – 31,6%-ға (0,8 мың бас), құс – 8,9%-ға (69,9 мың бас) төмендеген.

Шаруашылықтың барлық санаттарында 5,9 мың тонна ет (тірі салмақта) өндірілді, бұл 2015 жылдың қаңтар – қыркүйегіне қарағанда 21,3%-ға, сүт – 24,9 мың тонна, жұмыртқа – 1,49 млн. дана (5,9 %-ға) артық.

«Меркі асыл тұқымды зауыты» АҚ-ның 62,5 % акциясының бақылау пакетін иеленген «Агростан» ЖШС-гі шаруашылықтың дамуына 2 млрд. 207,6 млн. теңге инвестиция салып, дүниежүзілік стандартқа және заманауи үлгідегі технология талабына сәйкес келетін 3000 бас ірі қара малға арналған мал бордақылау алаңы құрылысын жүргізуде. Осы агрокешен құрылысы бойынша 600 басқа арналған карантинге қойылатын мал қорасының құрылыс жұмысы аяқталды.

«Аймақтық мастер сүт кластерін» құру бойынша ауданның 42 шаруа қожалығының басы топтастырылған «Меркі өнімдері» ауыл шаруашылығы өндірісі кооперативі құрылып, оның жаңа сүт зауытының құрылысын жүргізу үшін 8,3 гектар жер таңдалып, мемлекеттік актісімен, төл құжаты алынды.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша 2016 жылға мүйізді ірі қара малдың 484 бас аналығын сатып алу жоспары белгіленген болатын. Есепті кезеңде 562 бас сиыр сатып алынды немесе жоспардың орындалуы – 116,1%.

(Жалғасы 2-бетте)

Қазақстан
Республикасының
Президенті

ЖАРЛЫҚ

Үзінді

Көп балалы аналарды
«Алтын алқа» және «Күміс
алқа» алқаларымен
наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Жамбыл облысы бойынша

Етекбаева Сауле
Мухтархановна –
үй шаруасында, Меркі ауданы.

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Молдашева Анар
Сейлхановна –
үй шаруасында, Меркі ауданы,

Танабаева Куралай
Шаймырзаевна –
үй шаруасында, Меркі ауданы,

Хахимниязова Инжигул
Узақбергеновна –
үй шаруасында, Меркі ауданы.

3. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда,
2016 жылғы
27 қыркүйек №343

ПАРТИЯНЫҢ ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТЕДІ

2016 жылдың 14 қарашасы күні сағат 15.00-де, аудандық Мәдениет үйінде, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының кезекті XIX есеп беру-сайлау конференциясы өтеді.

«Нұр Отан» партиясы
аудандық филиалы

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ МЕРКІ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ САЯСИ КЕҢЕСІНІҢ 2014 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАШАСЫ МЕН 2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАШАСЫ АРАЛЫҒЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

ПАРТИЯ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, АУДАН ӘКІМІ

МЕЙІРХАН АЗАТҰЛЫ ӨМІРБЕКОВТЫҢ

ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Алтын асық» кешенді бағдарламасы бойынша 2016 жылға сатып алынатын қой 3075 бас болып жоспарланған, есепті кезеңде нақты сатып алынған қой 15450 бас, немесе жоспардың орындалуы – 502,4% .

«Құлан» жылқы шаруашылығын дамыту кешенді бағдарламасы бойынша 2016 жылға 400 бас жылқы сатып алу жоспарланса, есепті кезеңде 620 бас жылқы сатып алынып, жоспар 155,0 % орындалып отыр.

Есепті кезеңде 156,3 млн. теңгеге 57 өртүрлі дана ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынды. (2015 ж. 52 дана, 142,6 млн. теңге).

Ветеринария. 2016 жылы ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды, диагностикалық тексерулерді жүргізу үшін мемлекет тарапынан 82,0 млн. теңге қаржы бөлініп, есепті кезеңде 53,9 млн. теңгесі игерілді.

Үстіміздегі жылдың қаңтар-қыркүйегінде құрылыс жұмыстарының көлемі 2,8 млрд. теңгені құрады және 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20,5%-ға өсті.

«Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша Сарымолдаев ауылындағы 600 орындық №9 орта мектептің (сметалық құны – 1149,3 млн. теңге) құрылыс жұмыстарын мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы «ТаразҚұрылысДизайн» ЖШС-гі, жалпы соммасы 952,1 млн. теңгеге ұтып алып, жұмыстарды жүргізуде. Есепті кезеңде игерілген қаражат 468,1 млн. теңге. Құрылыс жұмыстарының аяқталуы 2017 жылдың 1 шілдесі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 5,9 млрд. теңгені құрады (2015 жылдың деңгейіне – 128,2 %), оның ішінде мемлекеттік бюджеттің қаражаты 1,5 млрд. теңге, кәсіпорындардың өз қаражаттары – 2,4 млрд. теңге және қарызға алынған қаражаттар – 2,0 млрд. теңге.

Шағын және орта бизнес саласында 5141 (2015 ж. – 5088) кәсіпкерлік субъектілері тіркеліп, онда 12579 адам жұмыс істеді, 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1,0 пайызға артты.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында банк несие пайызының бір бөлігін субсидиялау бағыты бойынша жалпы соммасы 543,9 млн. теңгені құрайтын 13 жоба іске асты.

Аудан бюджеті. 2016 жылдың 1 қазанына аудан бюджеті кірістері бойынша 7 млрд. 157,6 млн. теңгеге немесе жоспарға 100,2%-ға, өзіндік кірістер – 897,3 млн. теңгеге (101,7%), трансферттердің түсімдері бойынша – 6 млрд. 260,3 млн. теңгеге (100,0%) орындалды.

2016 жылдың қаңтар-қыркүйегінде аудан бюджетінің шығындары 7 млрд. 244,2 млн. теңгені (жоспарға 99,4%) құрап, 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,5%-ға өскен, оның ішінде білім саласына шығындар – 13,6%-ға, әлеуметтік көмек пен қолдауға – 19,1%-ға ұлғайған.

Білім беру. Ауданымызда жалпы білім беретін 38 мектеп бар, 2015-2016 оқу жылында аудан мектептерінде – 15409 оқушы оқумен қамтылған. Оларға 2038 мұғалім білім беруде, оның ішінде жоғары білімдісі – 1919, арнаулы орта білімдісі – 119.

Есепті кезеңде ауданда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиемен 2438 бала қамтылып, қамту үлесі 35,8 пайызды құрады. Балабақшамен қамту үлесін арттыру мақсатында 110,1 млн. теңгеге Жеміс-жидек ауылындағы 120 орындық балабақша ғимаратының құрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Нысан қараша айында пайдалануға беріледі. Жыл аяғына дейін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік

негізінде 75 орындық екі балабақша ашу көзделуде. Нәтижесінде мектепке дейінгі тәрбиемен қамтудың үлесі 39,7 % құрайтын болады.

Ойтал ауылындағы №20 орта мектептің (сметалық құны – 217,6 млн. теңге) құрделі жөндеу жұмыстарына 211,5 млн. теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары аяқталды.

«Жұмыспен қамту Жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында республикалық және жергілікті бюджеттен Меркі ауылындағы №17 И.Трубицын атындағы ОМГ-ның (сметалық құны – 277,0 млн. теңге) құрделі жөндеу жұмыстарына – 268,8 млн. теңге және Кеңес ауылындағы №6 орта мектебінің терезелерін ауыстыруға 9,6 млн. теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулық сақтау саласына 1,2 млрд. теңге бөлініп, 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 17,6 пайызға өсті. Республикалық және облыстық бюджеттен орталық ауруханаға 1,2 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде: дәрі дәрмекке – 132,3 млн. теңге (2015 ж. – 110,7 млн. теңге), тамаққа – 16,4 млн. теңге (2015 ж. – 9,9 млн. теңге).

Ауданда денсаулық сақтау саласында 250 келушіге арналған орталық емхана құрылысы аяқталып, 2016 жылдың қазан айының аяғында қолданысқа берілді.

Ауданның еңбек нарығында жұмыспен қамтылуы. Есепті кезеңде жұмыспен қамту бөліміне 1444 адам қайырылып (2015 ж. – 1178 адам), 1097 адам жұмыспен қамтылды (2015 ж. – 971 адам). Тіркелген ресми жұмыссыздардың саны 274 адам (2015 ж. – 229 адам).

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОҒАМ. Есепті кезеңде ауданымызда 2505 отбасындағы 18 жасқа толмаған 7822 балаға 123,2 млн. теңге (2015 ж. – 2350 отбасындағы 7333 балаға – 114,1 млн. теңге) мемлекеттік балалар жәрдемақысы төленді.

Ауылдық округтер жанындағы уәскалік комиссиялардың қорытындысына сәйкес, табысы кедейшілік шегінен төмен 33 отбасындағы 157 азаматқа 2,5 млн. теңге (2015 ж. – 64 отбасындағы 300 азаматқа – 4,2 млн. теңге) көлемінде әлеуметтік көмек төленді.

«Өрлеу» пилоттық жобасы бойынша 88 отбасындағы 454 азаматқа 14,0 млн. теңге шартты ақшалай көмек тағайындалып, бюджеттің қаржыландыру жоспарына сәйкес төленуде.

Мәдениет саласы. Есепті кезеңде мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бойынша 1 аудандық Мәдениет үйі, 7 ауылдық мәдениет үйі, 7 ауылдық клуб, 1 орталық кітапхана, 1 балалар кітапханасы, 26 ауылдық кітапхана және 1 мұражай халыққа қызмет атқаруда. Есепті кезеңде мәдениет ошақтарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін 11,0 млн. теңге бөлінді.

Жолдар. 2016 жылға жалпы автомобиль жолдарына бөлінген қаржы 131,7 млн. теңге, оның ішінде облыстық бюджеттен 116,7 млн. теңге, аудандық бюджеттен 15,0 млн. теңге. Есепті кезеңде Меркі ауылындағы Ә.Ысмайылов көшесіне (орталық аланды), Қызыл сай ауылындағы Рысқұлбеков көшесі мен кірме жолына, Т.Рысқұлов ауылындағы 180 орындық орта мектепке кірме автожолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қосымша биылғы жылы республикалық маңызы бар «Қырғызстанға батыстан кірме» 7,7-32 шқ автомобиль жолын (Екпінді ауылынан Андас Батыр ауылындағы шекараға дейін) орташа жөндеу үшін 594,6 млн. теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ауыз су. Елді мекендердегі су құбырларын, ұңғымаларын қайта

қалпына келтіру және қоршау орнату үшін, яғни, ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізуге «Жұмыспен қамту – 2020 Жол картасы» бағдарламасы бойынша 36 жобаға 25,7 млн. теңге және аудандық бюджеттен 14,5 млн. теңге бөлініп, қазіргі таңда жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде 76,8 млн. теңге қаражат бөлініп, 29 жобаны іске асыру жоспарлануда. Есепті кезеңде 19 жоба бойынша жұмыстар аяқталып, 10 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ауданда қылмыспен қресу және оның алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Есепті кезеңде ауданда 708 (2015 ж. -749) қылмыс тіркелген, бұл 2015 жылдың тиісті кезеңінен 5,5 пайызға төмендеген. Есепті кезеңде қылмыстардың ашылуы 48,9 пайызды (2015 ж. -39,4 %) құрады.

«Нұр Отан» партиясының басты әрі негізгі міндеті – бұл адамдармен жұмыс атқару, сол арқылы олардың проблемаларын анықтап және оларды шешу шараларын жасау. Және де бұл кез келген мәселені дөлім-дәл шешіп тастау дегенді білдірмейді. Партия осы проблемалардың шешімінің табылуына жағдай жасайды, мемлекеттік органдардың жұмыс жүйесі тиімділігін арттырады, билік пен халық арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Бұл орайда партияның халыққа біте қайнасу тетігінің бірі – қоғамдық қабылдау. Қазіргі Партия Меркі аудандық филиалында қоғамдық қабылдаудың тұрақты кестесі жасалған, филиалдың қабылдау бөлмесінде аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік мекеме басшылары, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары тұрғындар талабына үнемі назар аударып отырады. Мәселен, аудандық филиалдың қоғамдық қабылдауында есепті мерзімде 753 арыз-шағым түссе, оның 372-сі оң шешімін тапқан. Тіркелген өтініштердің 427-сі мемлекеттік органдарға, 101-і жеке және шағын бизнес өкілдеріне жолданды, 114 өтінішке заңгерлік кеңес берілсе, 34 өтініш қаралу үстінде.

Партия жұмысының негізгі қызметтерінің бірі қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімсіздік мәдениетті қалыптастыру, жемқорлықпен күрес жүргізу болып табылады. Партиялық бақылау мен жемқорлықпен күресті ұйымдастыру, сондай-ақ, ішкіпартиялық тәртіпті нығайту бойынша Партия аудандық филиалының Партиялық бақылау комиссиясы мен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңес мүшелері бағыты жұмыстарды жүргізіп келеді. Есепті мерзімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің 13 отырысы, Партиялық бақылау комиссиясының 16 отырысы жоспарланып өткізілген. Отырыстар саны өткен 2012-2014 жылдармен салыстырғанда 2 есеге артқан.

«Нұр Отан» партиясының Меркі аудандық филиалдың Саяси кеңесі Бюросының қаулысымен және VI шақырылған Меркі аудандық мәслихатының 2016 жылдың 24 наурызындағы №1 сессиясының шешімімен, фракция Ережесіне сәйкес, партияның депутаттық фракциясы құрылып, тіркелді. Аудандық мәслихаттың 15 депутатының 13-і өз өтініштерімен фракция мүшелігіне кірді.

Депутаттық фракция құрылған күннен бастап әрбір фракция мүшесінің сайлауалды бағдарламасына және сайлаушылардың ұсыныс пікірлеріне сәйкес іс-шаралар жасап, партияның «Қазақстан-2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасындағы міндеттердің ауданда жүзеге асырылуына өзіндік

ықпал қосып келеді. Фракцияның жұмыс жоспарына сәйкес есепті мерзімде аудандық филиалмен бірлескен 9 Бюро отырысы, 3 Саяси Кеңес отырысы өткізілді. Күн тәртібінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық мәселелері қаралып, талқыланды. Сондай-ақ, аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшелері өз сайлау округтерінде сайлаушыларға берген аманаттарын орындауда.

Жалпы, есепті мерзімде партияның аудандық мәслихаттағы депутаттық фракциясының 14 отырысы өткізіліп, онда ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға арналған мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Фракция отырыстарында көтерілген мәселелердің оң шешімін тапқандары жетерлік.

Мысалы: Партияның Меркі аудандық мәслихатындағы депутаттық фракциясының мүшелері «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Сарымолдаев ауылындағы №9 Савва атындағы орта мектебінің құрылысына республикалық бюджеттен қаражат бөлінуіне ықпал етіп, бүгінгі таңда фракция мүшелері «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынып жатқан мектеп құрылысының сапасы мен оған бөлінген қаражаттың мүдделі жұмсалыуын бақылауға алған.

Бүгінде партия өзінің негізгі қызметін айқындайтын 9 партиялық жобаны қабылдап, осы жоба бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде. Яғни, олар заманның қалыптастып отырған талабына сай жоғары деңгейлі зейін аударуды қажет ететін, ең өзекті сұрақтарды, қоғамның барлық әлеуметтік топтарының мүдделерін қамтып отыр. Атап айтатын болсақ, есепті мерзімде партиялық жобалар бойынша ер форматтағы 301 іс-шара ұйымдастырылып, оған шамамен 20000-нан астам адам қатысқан.

Олар бойынша қысқаша тоқталып өтетін болсақ:

«Ардагерлерді ардақтайық» жобасы ҰОС ардагерлерін, «Ерлікке мың тағзым!» акциясы аясында Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектері және соған теңестірілгендер туралы мәліметтер базасы жасақталса, аудан жастары арасында «Жас қамқоршылар» жасақтарын құрып, ҰОС, еңбек және жалғыз басты ардагерлерге тұрақты түрде көмек көрсетілуде.

Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Жайлы үй» волонтерлік акциясы өткізілді. Акция аясында партия аудандық филиалы Саяси кеңесі мүшелері мен БПҰ төрағалары ҰОС ардагерлері, еңбек және тыл ардагерлері мен жалғыз ілікті қарттарға бекітілді. Нәтижесінде, бекітілген Саяси кеңес мүшелері мен БПҰ төрағалары қарияларымыздың үйлеріне барып, тұрғын үйді жөндеуде көмек көрсету бойынша шаралар қабылдау үшін Ұлы Отан соғысына қатысушыларының және мүгедектерінің өмір сүру жағдайларын тексеру жұмыстарын жүргізді. Қажетіне қарай, оларды медициналық тексеруден өткізіп, керекті дәрілер мен дәрумендік препараттарын таратып, әлеуметтік көмектер көрсетілді.

Бүгінгі күні нұротандықтардың алдында тұрған басты мақсаттардың бірі – «Қ а з а қ с т а н – 2 0 5 0 » Стратегиясының жүзеге асу барысын бақылау. Біз бұл міндеттерді қалай жүзеге асыру керектігін білеміз. Ол міндеттердің барлығы партияның Саяси доктринасында, сайлауалды бағдарламада, партиялық жобаларда біріктірілген. Біз бірігіп қоғам мен мемлекет өмірінің барлық саласында қарқынды және тиімді дамуды қамтамасыз ету мақсатында жұмыс

атқаруымыз керек. Сондықтан, Елбасының стратегиялық ойларын іске асыру мақсатында, «Нұр Отан» партиясының жоғарыда айтып өткен құжаттарын басшылыққа ала отырып, бізге келесідей міндеттерді орындау қажет:

Партия жұмысы бойынша:
– партия ұйымдары, жергілікті атқарушы органдарды басқаратын партия мүшелері ең алдымен мемлекеттік бағдарламалардың ойдағыдай орындалуын қадағалау керек – бұл бәріміз үшін басты міндет;
– әрбір партия мүшесінің ұйымның беделіне нұқсан келтірмейтіндей, қайта абыройын арттыратындай қызмет етуі тиіс.

– бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жаңа дәрежеге көтеру;

– партия ұйымдарының сапалық құрамын реттеу;

– партия жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының жұмысын нығайту. Талантты, іскер жалынды жастарды тәрбиелеп, партия қатарына тартып, лайықтыларды қызметке өсіру;

– басшылық қызметтегі партия мүшесі халықпен жұмыс істей білуі керек. Әрбір адамның өтініш-пікіріне құлақ түріп, тыңдай білу, әділ, орынды уақтылы жауабын бергенде ғана жұмыс нәтижесіне қол жеткіземіз;

– қоғамдық қабылдау бөлімдері жұмысының пәрменділігін арттырып, шалғай елді-мекендерге барып қабылдаулар өткізу жұмыс дағдысында үнемі болуы тиіс;

– қоғамдағы кез келген, өсіресе, ұлтаралық негіздегі теріс әрекеттердің алдын алып, жол бермеу шараларын қарастыру;

– партияның саяси бағытын іске асыру үшін өкілді органдарда партияның депутаттық фракцияларының қызметін үйлеструді күшейту, олардың ықпалын барынша пайдалану.

Біз өзіміздің күш-жігерімізді ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағыттауымыз керек, ол үшін мынадай міндеттер тұр:

– барлық мектептерде сапалы білім беруді дамыту. Елбасы бастамашы болған «Балапан» бағдарламасын іске асыра отырып, ауылдағы балабақшалар желісін дамытуды жалғастыру.

– медициналық қызметтер сапасын арттыру;

– аудан экономикасының өсу қарқынын қамтамасыз ету;

– Елбасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту бағдарламасын іске асыру;

– өңірімізде қолайлы іскер және инвестициялық ахуал құру;

– өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз еткен, жұмыссыз және аз қамтылған халықты тұрақты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың кірісін арттыру;

– адамдарды табыс табуға үйрету және жеке басының және кәсібі өсуі үшін барлық қажетті жағдай жасау;

– азаматтарға сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету;

– жұмысымыздағы маңызды басымдықтардың бірі болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жалғастыру;

– біздің басты жетістігіміз – халық бірлігін дамыту, бейбітшілікті сақтау және қоғамдағы келісімді әрі қарай нығайту жұмыстарын жалғастыру.

Құрметті делегаттар!

«Нұр Отан» – нақты істер партиясы! Сондықтан да Мемлекет басшысы сіздер мен біздерге артып отырған сенімін абыроймен ақтап, алдағы уақытта еліміздің өркендеп, гүлденуі бағытында атқарар жұмыстарымызға сәттілік тілеймін!





БЕРІК БОЛСЫҢ, ТУҒАН ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ, НҰРЛЫ БОЛСЫҢ, ТӘУЕЛСІЗДІК ҒҰМЫРЫ!

АҚЕРМЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Осыдан тура 25 жыл бұрын еліміздің Тәуелсіздігін ақермендіктер де ерекше қуанышпен қарсы алған-ды. Ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың ақ таңының атқанынан олар көп үміт күтіп, елмен бірге еңбек етті. Нарықтың қыспағын да, оңтайландырудың қиындықтарын да бастан өткерді. Бірлік пен ынтымақты серік еткен үлкен ауылдың азаматтары көп ұзамай, нәтижесін де көре бастады.

Алпыс САТЫБАЛДИЕВ,
Ақермен ауылдық округінің әкімі

АҚЕРМЕНДЕЙ АУЫЛЫМ...

Ең алдымен, 2001 жылы Алтын арық ауылындағы №41 бастауыш мектебі пайдалануға беріліп, шәкірт тәрбиелеуге кірісті. Мектепке дейінгі тәрбие ісі ақсап, ауданда небәрі үш-ақ балабақша болғанда, 2004 жылы Ақермен дерігерлік амбулаториясының бос ғимараты алынып, күрделі жөндеуден өткізіліп, «Бүлдіршін» балабақшасы ашылды.

Кезінде жекеменшікке өткен Ақермен мәдениет үйі 2004 жылы жеке кәсіпкерден 2 млн. теңгеге кері сатып алынып, 2005 жылы 10 млн. теңге (6 млн. мемлекеттік бюджеттен, 4 млн. «Меркі асыл тұқымды зауыты» АҚ) көлемінде қаржы бөлініп, күрделі жөндеуден өткізілді.

2006 жылы Алтын арық ауылындағы «Алтын арық» фельдшерлік пункті де күрделі жөндеуден өткізіліп, тұрғындарға қызмет ете бастады.


2008 жылы Ә.Хасенов атындағы №11

ОМ-не жылыту қазандығы орнатылып, орталық жылыту құбырлары тартылып, бір орталықтан жылытуға қосылды.

2010 -2011 жылдар бұл округке мол қуанышын ала келді. Кентай ауылында, «Меркі асыл тұқымды зауыты» АҚ-на тиесілі, 6 отбасыға арналған тұрғын үй пайдалануға берілді. Кентай ауылының орталық жолының бойы мен Ақермен ауылындағы Төле би көшелеріне түнгі жарықтандыру жүргізілді.

Ауыз су – тіршілік нәрі, оның сапалы болуы – маңызды мәселе. 2012 жылы Кентай мен Алтын арық ауылдарындағы су құбырлары күрделі жөндеуден өтіп, екі ауылдың тұрғындары қуанышқа кенелді.

2013 жылы «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы бойынша Ақермен ауылының орталығында 600 шаршы метр алаңға балалардың ойын алаңы салынып, пайдалануға берілді. Осы жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша



Ақермен ауылында орталықтанған су жүйесі іске қосылды.

Ақермендіктер үшін 2014 жыл да игілікті істермен есте қалды. Ақермен ауылдық округі аумағындағы, жалпы ұзындығы 2,0 шақырым болатын, 3 көшеге шағыл тас төселініп, ағымды жөндеуден өтті. Кентай ауылындағы «Кентай» фельдшерлік пунктін құрылысы аяқталды. Осы жылы «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы бойынша Ақермен ауылындағы орталық спорт алаңы қоршалып, спорттық алаңы жаңартылып, көрермендерге арналған орындық орнатылып, төбесі жабылды.

2015 жылы «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы бойынша бөлінген 3743000 (үш млн. жеті жүз қырық үш мың) теңге қаражатқа, жергілікті қоғамдастық жиынының шешімімен, Кентай ауылынан ұзындығы 2,0

шақырым аралыққа, жаяу жүргіншілер жолына тас, оның 1125 метріне асфальт төселінді.

2015 жыл тағы бір игілікті қадаммен дараланды. Ол – Ақермен, Кентай және Алтын арық ауылдарына көгілдір отынның келуі еді. Қазіргі уақытта әр үйге газ кіргізу жұмыстары жалғасын табуда.

2015 жылы «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы бойынша 2014 жылы жаңартылған Ақермен ауылындағы орталық спорт алаңына ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін қосқан азамат Ошан Тоғысовтың аты беріліп, Тоғысовтар отбасы 1000000 (бір млн.) теңге көлемінде демеушілік жасап, спорт алаңының күншығыс жағы 50 метрге ұзартылып, шахмат, волейбол, баскетбол ойын алаңдары соғылды.

Осы жылы Ақермен ауылындағы

«Меркі асыл тұқымды зауыты» АҚ тиесілі ғимарат күрделі жөндеуден өткізіліп, «Ақермен» тойханасы іске қосылса, ҰОС ардагерлерінің ескерткішіне ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2016 жылы Ақермен ауылындағы О.Тоғысов атындағы орталық саябақты абаттандыру жұмыстары барысында 350 түп (қара тал, терек, шырша) ағаш отырғызылды. Кентай ауылындағы О.Келдеубаев және С.Жадраев көшелерінің аяқ жағын (сүтті-сиыр фермасына барар жол), Алтын арық ауылындағы А.Аспетов көшесіне және Ақермен ауылындағы М.Мәметова көшелерінің, жалпы ұзындығы 2,5 шақырымдық жолына, қиыршық тас төсету үшін – 11843000 (он бір млн. сегіз жүз қырық үш мың) теңге бөлініп, қазіргі уақытта жеңімпазы анықталып, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Биыл Алтын арық ауылындағы №41 бастауыш мектебіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жеке кәсіпкердің демеушілігімен су құбыры орнатылды.


Сонымен қатар, Кентай ауылындағы С.Жадраев көшесіндегі су ұңғымасын қалпына келтіруге және ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізуге 343000 (үш жүз қырық үш мың) теңге көлемінде қаржы бөлінген.

Қазіргі таңда, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша бөлінген 2172,0 мың теңге қаражатқа Кентай ауылындағы О.Келдеубаев көшесіндегі, өткен жылы қаржының жетпеуіне байланысты асфальтталмай қалған, жаяу жүргіншілерге арналған жолдың 874 метрі және Ақермен ауылының аяқ жағындағы 300 метр жаяу жүргіншілерге арналған жол тегістеліп, асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде.

ЕҢБЕК, БӘРІН ДЕ ЖЕҢБЕК

Биылғы жылы 4700 гектар алқаптың егіні орылып алынды. Оның ішінде 2000 гектар жердегі арпаның әр гектарынан 11,3 центнерден, 2700 гектардағы бидайдан 13,5 центнерден өнім алынды.

Берік ХАМИТҰЛЫ,
«Меркі қой зауыты» АҚ-ның Президенті



Шаруашылықтағы 17400 бас қойдың 10030 басы саулық малы. Бүгіндері 4000 бас қой бордақылауға кіргізілген. Таяу күндері 60-70 бас жылқы малы бордақылауға қойылмақ. Бордақылау базында 20 адам еңбек етуде. Желтоқсан айында бордақыланған малдар

сойыла бастағанда тағы 15-20 адам жұмысқа тартылады.

Жоспарға сәйкес, 4000 гектар алқапқа күздік егілмек. Көктемде тағы 4000 гектарға арпа, 200 гектарға жоңышқа себілетін болады.

Өткен жылы құмда 18 қашар және шопанға арналған 21 құрастырмалы үй (канадалық) соғылды. Ал, биылғы жылы құмда 5 құдық қазылған. Олардың әрқайсысына 3 отардан отырғызылатын болады. Аз күнде тағы 1500 бас тоқты сатып алу жоспарлануда. 20 отар қой 20 шопанға сеніп тапсырылған. Оларға жақын арада 10 қазақ үйі мен қазіргі заманғы пештер сатып алынып, таратылды.

Ірі қараны бордақылауға арналған, 3600 басқа бордақылау алаңы соғылмақ. Ол 2017 жылдың жазында бітетін болады. Сол кезде 40-50 адамға жұмыс орны да ашылады. Келешекте оның көлемін 12000 басқа дейін жеткізу көзделінуде.

Арман қуып, Тараз қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түсті. Студенттік жылдар зуылдап өте шыққан.1984 жылы Айсулу Иманбайқызы диплом алып, физика пәнінің мұғалімі атанды. 32 жыл. Айсулу осыншама уақыттан бері №11 Ә.Хасенов атындағы орта мектебінде физика пәнінен сабақ беріп, шәкірттерінің осынау пәнге деген қызығушылығын тудырып келеді.Өзі оқытатын пәннен 2014-2015 оқу жылы мен 2015-2016 оқу жылында 100 пайыздық білім сапасын көрсеткен. Мектепте ол араласпайтын жұмыс жоқ шығар, қашанда маңызды істердің, игі бастамалардың ортасынан табылады.

Біз білім шаңырағында болған кезде, Алыпбаева Айсулу Иманбайқызы мектеп директорының уақытша міндетін атқаруда екен. Білгіміз келген барлық сауалдарға нақты, қызығушылықпен жауап беріп, білім ордасының тыныс-тіршілігінен хабардар етті.

– Мақсатымыз – білім мазмұнын жаңарту, жаңа инновациялық технологияларды енгізе отырып, білім сапасын арттыру. Қазіргі таңда ҰБТ-ның жаңа форматын іске асыру бағытында жұмыс істеудеміз, – деді Айсулу Иманбайқызы.

Мектепте барлығы 364 оқушы білім алып жатса, оның 23-і Қайыңдысайдан, 43-і Алтын арықтан тасымалдануда.Оқушыларға 54 ұстаз (жоғары білімдісі – 53, арнаулы орта білімдісі – 1) білім беруде. Олардың 11-і – жоғары санатты, 20-сы – I санатты, 12-сі – II санатты педагогтар.

Алыпбаева Айсулу Иманбайқызы (суретте) жастайынан білімге құштар, ізденгіш жан болып өсті. Оны өзіне білім берген, тәрбиелеген ұстаздары қатты қызықтыратын. Сондықтан да болар, орта мектепті бітіргенде ол көп ойланбастан ұстаз болып, шәкірт тәрбиелеуді шешті.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС ...



Мектепте жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, оларды ұжымға тарту тұрақты назарға алынған. Ильяс Мұқатов (дене шынықтыру), Анар Оразбаева (ағылшын тілі), Жанерке Мұхамеджанова (психолог) сынды жас педагогтар бүгіндері өз пәндерін қызыға оқытуда. Сонымен қатар, Қалдыбай Камалов (орыс тілі), Дариякүл Мұратова (бастауыш сынып мұғалімі), Қалбүбі Шоншабаева

(география), Роза Исмаилова (химия) сынды тәжірибелі ұстаздар – мектеп мақтаныштары.Олардың барлығы да – жоғары санатты ұстаздар.


Мектеп оқушылары түрлі пәндер бойынша олимпиадаларға, байқауларға, спорттық жарыстарға қатысып отырады. Мысалы, 2015-2016 оқу жылында 17 оқушы аудандық олимпиадаға (негізгі пәндерден) қатысса, соның 13-і жүлделі орындарды иемденген. Ғылыми жоба бойынша, тарих пәнінің мұғалімі Қарлығаш Ақбаеваның шәкірті Алина Ермаханова I орынды иемденіп, облысқа жолдама алды. Биология пәнінің мұғалімі Замира Шарғынның шәкірті Жаннұр Демесінова III орынды, физикадан Айнұр Нұрланова жетекшілік еткен Диана Әбсаттарова III орынды жеңіп алды. Мектеп оқушылары республикалық қашықтық олимпиадасына, «Ақбота», «Кенгуру» интеллектуалдық байқауларына қатысып, жүлделі орындардан көрінді.

Республикалық «Ғұмырдария байқауында мәнерлеп оқудан Ернұр Төтен II орынды иеленді. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мәдина Қоңырбаева.

«Ұстаздық еткен жалықпас,

үйретуден балаға» – демекші, ескелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде ұйымшылдықпен еңбек етіп жүрген, Айсулу Иманбайқызы басқарып отырған ұстаздар қауымына мол табыс, сәттілік тілеп, жолға шықтық.

Арнайы бетті
дайындаған
Әтіркүл ИСАЕВА





2016 жылдың 20 наурызында өткен Мәжіліс және жергілікті жердегі мәслихат сайлауында халықтың басым дауысына ие болған «Нұр Отан» партиясы еліміздің барлық аймағында депутаттық фракцияларын құрып, іске кіріскенді. Елбасымыз, партиямыздың төрағасы Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының фракциясы жүйелі түрде үкімет мүшелерін тыңдап, олқылықтарын сыни тұрғыдан көрсетуі, Үкіметтің партияның сайлауалды бағдарламасын орындау барысында тұрақты бақылау қажет. Сұраныс қатаң болуы тиіс, бұл біздің ортақ міндетіміз» – деп партия фракциясының алдына үлкен міндет қойды. Партияның аудандық мәслихатында да депутаттық фракциясы құрылып, 13 депутат өз еркімен фракция құрамына кірді. Меркі аудандық мәслихатындағы партияның депутаттық фракциясы белгіленген Ережеге сәйкес ауданның саяси-әлеуметтік өміріне белсене араласып келеді. Депутаттық фракция құрылған күннен бастап әрбір фракция мүшесінің сайлауалды тұғынамасына және сайлаушылардың ұсыныс-пікірлеріне сәйкес іс-шаралар жасап, партияның «Қазақстан-2021. Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасына сәйкес 5 жылдық жоспары мен 2021 жылға дейінгі кезеңдегі даму перспективаларының бағдарламасының негізі болуына айтарлықтай белсенділік көрсетті. Фракция өзінің жұмыс жоспарын партиямыздың сайлауалды бағдарламасы негізінде құрып, оны өзінің отырыстарында қарай отырып, тұғырнаманың

«НҰР ОТАН» – ЕЛМЕН ЕТЕНЕ,

«Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың партиялық ішкі тәртіпті нығайту, жергілікті жердегі мәслихаттардағы партияның депутаттық фракцияларының жұмысын жандандыру турасында партия белсенділеріне нақты тапсырма жүктегені белгілі. Ал, үкіметпен, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарымен, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасау, конституциялық реформаны бекіту және Президент бастамасы мен «Нұр Отанның» сайлауалды тұғынамасын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, үкіметтің іс-қимылына парламенттік бақылау жасау, халықты алаңдататын шешуші проблемаларға дереу назар аудару – фракцияның тікелей қызметі болып табылады.

орындалуын үнемі бақылауда ұстап отырады. Меркі аудандық филиалының мәслихаттағы депутаттық фракциясының мүшелері партияның аудандық филиалымен тығыз байланыс жасап, ауданның

Кеңес бюро отырыстары, Елбасы Жолдауын, партияның сайлауалды тұғынамасын насихаттап, түсіндіру жиналыстары, қоғамдық қабылдаулар өткізілуде. Өз кезегінде фракция



жұмыспен қамту, әлеуметтік сала объектілерінің құрылысы және жөндеу, жолдар құрылысы және қайта жөндеу, көркейту және басқа да мәселелерді шешуге көмектесуге бағытталады. Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясының депутаттық фракция мүшелері «Ардагерлерді ардақтайық», «Мектепке жол!» атты республикалық акцияларына үнемі белсенділікпен қатысып келеді.

Жалпы айтқанда, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының фракциясы ережеге сәйкес қызмет етуде. Ал, фракция жұмысын одан әрі жетілдіру үшін фракция жұмысы өкілетті органдармен тығыз қызмет жасауы керек. Халық пен билік

ФРАКЦИЯ - ЕЛ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

өртүрлі қоғамдық бірлестіктерімен ынтымақтастықта жұмыс атқаруда, аудан тұрғындарының саяси өміріне және бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру бойынша партия жұмыстарына қатысып келеді.

Меркі – көрікті, қазіргі заман талабына қарай жылдам дамып келе жатқан аудан. Сондықтан да, ауданымыздың жағдайын тек естіп қана қоюмен шектелмей, күнделікті көріп, біліп, әр мекен-жайлардағы азаматтардың әлауқатын арттыру, өмір сапасын жақсарту басты міндеті, мақсаты болып табылды. Осы мақсатта аудандық филиалының бюро, саяси Кеңес отырыстары тұрақты түрде өткізіліп, туындаған мәселелер қарастырылып келеді. Партияның аудандық филиалы мен депутаттық фракция мүшелерімен бірлесіп өткізілген іс-шаралар, «Ашық есік» күндері, бірлескен саяси

мүшелері қоғамдық қабылдауға қатысып, жұртшылық өкілдерімен кездесіп, өңгіме-кеңестер өткізуде, көтерілген мәселелер бойынша аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларына ұсыныстар жасауда, қузырлы органдарға депутаттық сауалдар жолдауда. Қоғамдық қабылдау жұмыстарының тиімділігін көтеру үшін 2016 жылы жұмыс жүргізудің жаңа әдістері енгізілген. Өткен жылы прокуратура, құқық қорғау органдарымен бірлесіп, жергілікті атқарушы билік жүйелері басшыларының қатысуымен шалғай ауылдарда қоғамдық қабылдаулар өткізіле бастады. Мәслихат депутаттары бекітілген кестеге сәйкес партия филиалында қарапайым халықты қабылдап, келіп түскен арыз-шағымдармен жұмыс істеп, «Нұр Отанның» қарапайым халық арасындағы беделін нығайтуға күш салуда. Осылайша, депутаттар тұрғындардың маңызды

мәселелерін бірлесіп қарастырып, түйінді істердің оң шешімін табуына жәрдемдесіп келеді. Фракция депутаттары ауыл тұрғындарымен ашық диалог үшін есептік кездесулер өткізу тәжірибесін қолданып, бар мәселелер және олардың шешілуі жөнінде конструктивті пікір алмасу өткізудің маңызына тоқталған болатын. Сондай-ақ, олар ауылдық округ әкімдері, аудандық құрылымдық басшыларымен бірігіп, жиындарда, тұрғындар алдында жазған өтініштері жөнінде не атқарылғаны туралы үнемі есеп беруді жөн көріп отырғанын да айта кетуіміз керек.

«ҚР Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес депутаттар сауалы құқығын өз қызметтерінде қолданады. Атқарушы органдар фракция отырыстарында депутаттық сауалға жауап хат береді. Депутаттық сауалдар көбінесе тұрғын үй,

арасындағы өзара түсіністік пен мәртебелі міндеттерді жүзеге асыруда, үкіметпен, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарымен, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасауда, фракцияның орны ерекше. Сол себепті фракцияның өкілеттік органдармен жұмысын жетілдіру мақсатында фракция мүшелеріне өкілетті органдардағы қызметіне арналған арнайы нұсқаулықтар әзірлеу, фракцияның жетекшілерін және мүшелерін Жоғарғы партия мектептерінде оқыту, тәжірибе алу жұмыстарын ұйымдастыру сияқты жұмыстарды қолға алу керек.

Нүрилла ҚОЙШЫМАНОВА,
«Нұр Отан» партиясының
Меркі аудандық мәслихаттағы
депутаттық фракциясының
мүшесі

ИГРАЕТ ВАЖНУЮ РОЛЬ

«Нур Отан», как партия парламентского большинства, формирующая правительство, играет важную роль главного механизма, обеспечивающего это единство. Каждый из нуротановцев сегодня, решая задачи на конкретном участке, работает для всей страны.

В первичной партийной организации «Аңдас батыр» райфилиала партии «Нур Отан» 227 человек, это педагоги, медики, бизнесмены, молодежь округа, многие из которых принимают активное участие во всех мероприятиях, в том числе, по разъяснению Посланий Президента, проведению праздников, посвященных знаменательным датам, Дню единства народа Казахстана, Дню Первого Президента, Дню семьи, Наурызу и др. С каждым днем ряды членов «Нур Отан» растут, пополняются новыми партийцами в районе, молодежью.

ППО «Аңдас батыр» действует с 2008 года. В ППО имеется свой кабинет, оснащенный для работы и приема граждан всем необходимым: компьютером, телефоном, литературой. Здесь нуротановцы проводят «круглые столы», брифинги, встречи, обсуждают поставленные в Платформе партии цели и задачи, делают име-

ющейшей полезной информацией, ведут разъяснительную работу.

Одним словом, в первичной партийной организации «Аңдас батыр», которая с каждым годом действует все успешнее, являясь примером для других ППО, также стараются успешно наладить свою работу, проводить массу различных мероприятий, в том числе, по воспитанию в молодежи патриотизма, укреплению межнационального согласия и дружбы, поднятию авторитета партии.

И я, как председатель ППО «Аңдас батыр», и ее члены уверены в том, что партия «Нур Отан» сегодня является важным двигателем к успеху, благодаря ее работе Казахстан смог достигнуть многих высот и сегодня ставит перед нуротановцами новые цели и задачи. Партия «Нур Отан» является также важным политическим звеном по проведению демократических реформ в республике. И, конечно же, большую роль в этом играют первичные партийные организации, основа которых – ячейки, в них также кипит активная работа.

Члены ППО «Аңдас батыр», как и других ППО райфилиала партии «Нур Отан», стараются

делать все, чтобы реализовать задачи, поставленные Главой государства в Стратегии «Казахстан-2050», Платформе нации «100 конкретных шагов», трудиться на благо своей страны, района, быть достойными гражданами, патриотами, примером для подрастающих поколений. И, благодаря активной работе, проводимой в ППО райфилиала партии «Нур Отан», все планы, поставленные Правительством и Главой государства перед народом страны, осуществимы и новые цели достижимы, ибо для нуротановцев всегда было и остается главными незыблемыми ценностями – согласие и взаимопонимание между людьми, которые они поддерживают и сохраняют.

И, сегодня, для членов ППО «Аңдас батыр», как и для всех меркенцев, быть членом партии «Нур Отан» большая честь, которую надо заслужить. Для них «Нур Отан» – это партия реальных дел.

Б.ХАСАНБАЕВ,
председатель
ППО «Аңдас батыр».



Тәуелсіздігіміз жарияланғаннан бергі 25 жыл ішінде Елбасының жүргізіп отырған парасатты, көреген саясатының нәтижесі арқасында атап айтарлықтай, елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бүгінде өсу мен өркендеудің өр белесін бағындырған елімізде іргелі істер атқарылып келеді.

ДЕНСАУЛЫҚ - ЗОР БАҒЫЛЫҚ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсім. Реформалар. Даму» атты Жолдауында: «Біздің халқымыз ешқашан бүгінгідей бақуатты тұрмыс кешіп көрген жоқ. Тәуелсіздік алғаннан бері 1300-ден астам денсаулық сақтау нысаны мен 1700-ден астам білім беру ошағын салдық. Олардың барлығын ең соңғы үлгідегі құралдармен жабдықтадық. Аса күрделі операцияларды өз елімізде, өз дәрігерлеріміз жасайтын жағдайға жеттік. Жалпы, халықтың тұрмысының, денсаулығының түзелуі, санының өсуінің нәтижесінде қазақстандықтардың орташа өмір ұзақтығы 72 жасқа жуықтады» – деп нақты айтқан болатын.

Меркі аудандық денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыруға 2005 жылы 430526,0 млн. теңге бөлінсе, 2016 жылы – 1,661812,0 млн. теңге бөлінді, яғни, 11 жыл ішінде ол – 3,8 есеге артты. 2016 жылдың 1-қыркүйегінде бөлінетін қаражат көлеміне жоспар 1661812 теңгені құраса, оның ішінде жергілікті бюджеттен 143230,0 млн. теңге, республикалық бюджеттен – 1518582,0 теңге болды.

Атқарылған мақсатты шаралар арқасында денсаулық сақтау саласындағы негізгі көрсеткіштердің төмендеуі байқалды: жалпы өлім-жітім көрсеткіші соңғы 25 жылды талдау арқылы (1992 ж. – 7,8, 2016 ж. – 6,2) 1992 жылдан 25,0 пайызға төмендеді.. Нәрестелік өлім (1992ж.– 35,5, 2016 ж. – 7,6) 1992 жылдан 69,2 пайызға төмендеген.

Денсаулық сақтау нысандарын соғу екліні де жоғары. Егер, 1991 жылдан 2009 жылға дейін 1 ғана денсаулық сақтау нысаны соғылса, 2009-2015 жылдар аралығында 10 нысан ел игілігіне пайдалануға берілген.

«350 дәрігерлік амбулатория,

фельдшерлік-акушерлік пункт және емхана салу» жобасы аясында жоспарланған 12 денсаулық сақтау нысанының құрылысы 632048,00 млн. теңгеге салынып, ел игілігіне берілді.

Биылғы жылы Меркі ауылындағы жалпы сметалық құны – 1,8 млрд. теңге болатын, 250 келушіге арналған аудандық емхана құрылысы нысаны ағымдағы жылдың 31 қазанында пайдалануға берілді. Сондай-ақ, ауданда денсаулық сақтау саласындағы маман-кадрлардың тапшылығы біртіндеп шешілуде. 2009-2016 жылдары 32 жас маман, ауылдық елді мекендерге «Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен келді.

Сонымен қатар, ауданға жас мамандарды тарту мақсатында аудан әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы үнемі жоғары медициналық оқу орындарымен байланыс орнатып келеді. 2016 жылы ауданға 8 жас маман келіп, ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарына жұмысқа орналастырылды. Оларға республикалық бюджет есебінен 70 АЕК әлеуметтік көмек, баспана алуға немесе салуға 1500 АЕК есебінде әлеуметтік несиелер және жергілікті бюджет есебінен қаржы қарастырылған.

Елбасының қолдауымен емдеу алды алу мекемелерінің бой көтеріп, заманауи үлгіде салынып, халықтың игілігіне берілуі, тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету бағытында жасалып жатқан қамқорлықтар – біздің Тәуелсіз ел болғанымыздың кепілі. Біздің мемлекетімізде қашан да қоғамның басты байлығы саналатын – адамға, адамдар денсаулығын арттыруға баса назар аударылууда.

Раймонда ҚАЙРАҚБАЕВА,
аудандық аурухана
әдістемелік-ұйымдастыру
бөлімінің меңгерушісі

ӘЛЕУМЕТПЕН ӘРІПТЕС



«Нұр Отан» партиясының партиялық бақылау жүйесі 2008 жылдың аяғында құрыла бастады. Бүгінде оның қамту аясы кеңейіп, дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында бөлінген мемлекет қаражатының пайдаланылу барысын бақылау жөніндегі партиялық бақылау комиссиялары, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестер жұмыс істеуде.

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ – ЖҰМЫС ҮСТІНДЕ

